



Реттеліп көрсетілетін қызмет - электр энергиясын беру бойынша "Алатау Жарық Компаниясы" АҚ бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау және қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы 2026 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша есепке ақпарат

I. "АЛАТАУ ЖАРЫҚ КОМПАНИЯСЫ" АҚ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Шолу

"АЖК" АҚ өңірлік электржелілік компания болып табылады.

Қызмет
көрсету аймағы


"АЖК" АҚ қызмет көрсету аймағына ең ірі мегаполис Алматы қаласы және Алматы өңірі кіреді. Желілерге қызмет көрсетуді Алматы қаласы бойынша 8 ЭТА және Алматы облысы бойынша 12 ЭТА жүзеге асырады.

Қызметтер

Компанияға тиесілі электр желілері арқылы Алматы қаласы мен Алматы өңіріне электр энергиясын беру.

Теңгерімдік
тиістілік

Алматы энергоөңірінің 220/110/35/6-10/0,4 кВ кернеу кластарының электр желілері.



Қызмет көрсетілетін аумақ - 111 730,8 км².

ЭЖЖ желісінің жалпы ұзындығы – 30 854,92 км.

35кВ және одан жоғары ҚС саны – 206 дана.

6-10/0,4 кВ-БП және ТҚС саны – 7 306 дана

6-220 кВ трансформаторлардың жалпы саны – 8 878 дана, қосынды қуаты – 10 643 МВА.

2026 жылы тіркелген электр желілеріндегі максималды жүктеме– 2 018 МВт.

- ✓ Электр энергиясын берудің негізгі көлемі "АЖК" АҚ - ның өз тұтынушыларына тиесілі, оларды энергиямен жабдықтауды "АЖК" АҚ - "Энергосбыт" филиалы жүзеге асырады - 1 036 331 бірл. (тұтынушылар: РБ-дан; Алматы қаласының бюджетінен; облыстық бюджеттен қаржыландырылатындар; ПИК; ауыл шаруашылығы ұйымдары; басқалар)

- ✓ Тікелей тұтынушылар – 25 бірл.

- «АлЭС» АҚ
- «МаА» АҚ
- «КазФерроСталь» ЖШС
- «KEGOC» АӨ АЖЭТ (ХН және ысыраптар)
- "ҚТЖ "ҰК" АҚ филиалы- "Магистральдық желі дирекциясы«
- «Мойнақ СЭС-і» (ХН)
- «Индустриальная зона – Алматы» ЖШС
- «КТЖ- Грузовые перевозки» ЖШС
- Белгіленген қуаты 5 МВт және одан жоғары тұтынушылар (17 дана)

Тұтынушылар
(30.06.2026ж.
хал-ахуал бойынша).

2. 2026 ЖЫЛҒЫ 1 ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША БЕКІТІЛ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2026 жылға арналған жоспар бойынша 46 738 млн. теңге болса, 2026 жылдың 1-жартыжылдығында инвестициялық бағдарламаның нақты орындалуы 4 699 млн. теңгені немесе 10% құрады

млн.теңге

Қаржыландыру көздері	2025 жыл			Исполнение в %
	Жоспар	Факт	Ауытқу	
Барлығы	46738	4 699	-42 039	10 %
Жеке қаражаты	46738	4699	-42 039	10 %

* Түзетулерді ескере отырып бекітілген инвестициялық бағдарламаның жоспарлы көрсеткіштері

Соның ішінде іс-шаралар бойынша:

Іс-шаралар атауы	Жоспар	Факт	Ауытқу	Орындау %
Электр тарату тораптарын қайта құрылымдау	8 815	2 780	-6 035	32%
ЭЖЖ салу, қайта құрылымдау	15 247	1 137	-14 111	-7%
ҚС салу, қайта құрылымдау	6 318	0	-6 318	0%
SCADA, ЭКЕАЖ енгізу	8 511	0	- 8 511	0%
Өндірістік активтерді және өндірістік қызмет процесіне тікелей қатысатын өзге де негізгі құралдарды жөндеуге арналған өзге де шығындар	477	0	-477	0%
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	4 911	88	-4 823	2%
Электр желілері мен жабдықтарды күрделі жөндеу	2 457	695	- 1 763	28%
ЖИЫНЫ	46 738	4 699	-42 039	10%

Табиғи монополия субъектісінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес инвестициялық бағдарламаның көрсеткіштері жартыжылдықтар бойынша бөлінбестен бір жылға бекітіледі. Осыған байланысты, 1-ші жартыжылдықта нақты қалыптасқан көрсеткіштер инвестициялық бағдарламаның тұтастай орындалуын іске асыруға тиісті баға бермейді.

Бұл ретте, жыл қорытындысы бойынша "АЖК" АҚ бекітілген көрсеткіштер шегінде инвестициялық бағдарлама көрсеткіштерінің орындалуын болжайды.

«Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметті жүзеге асыру қағидаларының (13.08.2019 ж. №73) 5-қосымшасына сәйкес 1-нысан бойынша ақпарат бөлек файлда ұсынылған»

"АЖК" АҚ инвестициялық бағдарламасын іске асыру мынадай нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталған:

- нормативтік техникалық ысыраптарды азайту;
- ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі мен сапасын, сенімділігі мен тиімділігін арттыру;
- субъектінің технологиялық процесін басқарудың ақпараттық жүйелерін енгізу және электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерін, технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу;
- негізгі құралдардың тозуын азайту;
- энергия үнемдеуді қамтамасыз ету және энергия тиімділігін арттыру.

2026 жылы мына іс-шаралар бойынша жұмыстарды аяқтау жоспарлануда:

- Талғар ЭТА 10/0,4кВ-тық электр желілерін қайта құрылымдау;
- Алматы қаласындағы Алмалы, Жетісу, Әуезов аудандары бойынша 1-ЭТА 1-ЖЭО-да 6-10кВ кернеулі электр кабелдік желілерді қайта құрылымдау;
- Алматы қаласы Алмалы ауданында 116-БП-дан 10кВ кернеулі электр кабелдік желілерді қайта құраламдау және жаңадан салу;
- Алматы қаласы Алмалы ауданында 13-БП-дан 6-10кВ кернеулі электр кабелдік желілерді қайта құрылымдау, №1А ҚС жүктемесін азайту үшін 10кВ-КЖ-ні жаңадан салу және ТҚС-ны ауыстыру;
- 48-БП, 49-БП және 001-ТҚС 6кВ электр желілерін 10кВ жоғары кернеуге көшіру;
- 119А-ҚС-дан 183-БП-ға дейін 10кВ-2КЖ-ні салу;
- Алматы қаласы Алатау ауданы 1-ЭТА 47А-ҚС ТҚС-дан 0,4кВ-ӘЖ-ні қайта құрылымдау;
- Алматы қаласы Алмалы ауданы 2-ЭТА 1А-ҚС ТҚС-дан 0,4кВ-ӘЖ-ні қайта құрылымдау;
- Алматы қаласы Наурызбай ауданы 3-ЭТА ф.14-171А, ф.66-147А ТҚС-дан 0,4кВ-ӘЖ-ні қайта құрылымдау;
- Түймебаев ауылы, ӨБЭТА 0,-10кВ-ӘЖ-ні және 10/0,4кВ-ТҚС-ны қайта құрылымдау;
- №170А «Жас Қанат» («Түрксіб») ҚС-да екінші жұмыс кезеңі.

3. 2026 ЖЫЛҒЫ 1-ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША БЕКІТІЛГЕН ТАРИФТІК СМЕТА КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ.

Алматы қаласы бойынша ТМРҚД-нің 2026ж. 20 наурыздағы №51-НҚ бұйрығымен "АЖК" АҚ үшін 2026 жылға арналған тарифтер мен тарифтік смета бекітілді

2026 жылдың 1-жартыжылдығындағы тарифтік сметаны орындау қорытындысы былайша қалыптасты:

№ р/с	Көрсеткіштер атауы	Өлш.бірл.	2026ж.			Ауытқу себебі
			Бекітілгені	2026ж. 1-жарты жылд.факт	орындалу %	
I	Барлық шығындар	млн. теңге	115 988	54 587	47%	Табиғи монополия субъектісінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес тарифтік сметаның көрсеткіштері бір жылға бекітіледі, нақты көрсеткіштер 1 -жартыжылдық бойынша берілді.Бұл ретте, жыл қорытындысы бойынша "АЖК" АҚ бекітілген тарифтік смета көрсеткіштерінің орындалуын болжайды.
II	Пайда	млн. теңге	34 148	17 879	52%	
III	Негізделмеген кірісті қайтару	млн. теңге	2 103	1 052	50%	
IV	ЕЗ-дан электр энергиясын сатып алу-сату бағасының айырмашылығына байланысты 2025 жылғы шығындарды өтеу	млн. теңге	5 303	2 654	50%	
V	Барлық кірістер	млн. теңге	153 337	74 068	48%	
VI	Көрсетілетін қызметтер көлемі	млн.кВт.с	10 245	5 127	50%	
VII	Нормативтік техникалық ысыраптар	млн.кВтс	1 405	690	49%	
VIII	Тариф (ҚҚС-сыз)	теңге/кВтс	2026ж. 1 қаңтардан -13,65тг/кВтс 2026ж. 1 сәуірден -15,42тг/кВтс			

- "Табиғи монополиялар туралы" заңда ағымдағы кезеңнің тарифтік сметасын түзету көзделген.
- 15-бап, 21-т.: «Табиғи монополия субъектісі тарифті ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 қарашасына дейін көтермей, бекітілген тарифтік сметаны өзгерту туралы өтінішпен уәкілетті органға жүгінуге құқылы».

13.08.2019 ж. №73 Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметті жүзеге асыру қағидаларының (бекітілген тарифтік сметаның баппен орындалуы туралы) 5-қосымшасының 2-нысаны бойынша ақпарат жеке файлда ұсынылған

4. 2026 ЖЫЛҒЫ 1- ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША РЕТТЕЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН СЕНІМДІЛІГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ САҚТАЛУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ.

5. 2026 ЖЫЛҒЫ 1- ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯ СУБЪЕКТІСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ.

Реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін бекіту, табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпарат тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып тарифтерді бекіту кезінде көзделген.

2026 жылға "АЖК" АҚ үшін тариф пен тарифтік смета тарифтік реттеудің шығынды әдісі бойынша бекітілді, тиісінше реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері және 2026 жылға арналған "АЖК" АҚ үшін қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу бекітілмеген.

2026 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша апаттылық және жеткіліксіз босатылым көрсеткіштері:

- Апаттылық көрсеткіштері - 1 265 бірлік, 2025 жылдың 1-жартыжылдығымен салыстырғанда 8% аз;
- Жеткіліксіз босатылым көрсеткіштері - 1 216 мың кВтсағ. 2025 жылғы 1- жартыжылдықпен салыстырғанда 1% аз;
- 2026 жылғы 1-жартыжылдық қорытындысы бойынша электрмен жабдықтау сенімділігінің көрсеткіштері SAIFI – 1,33; SAIDI – 1,52.

(Электрмен жабдықтау сенімділігі көрсеткіштерінің шекті нормативтік мәндері SAIFI – 3,7; SAIDI - 3,7).

Кері әсер еткен факторлар:

- ауа-райының нашарлауы, желдің қатты екпіні (24 м/с жоғары),
- Алматы қаласы бойынша 6/10кВ-КЖ нормативтен артық уақыт пайдаланылып келеді (30 жылдан астам),
- Компания теңгеріміне коммуналдық меншіктен қабылданған иесіз желілердің (негізінен бау-бақша серіктестіктері мен кейбір тұрғын үй кешендері) қанағаттанарлықсыз жай-күйі,
- Алматы қаласы мен Алматы облысында тұтынушылар санының артуы. Жаңа тұрғын үй кешендерін, қалалық инфрақұрылымды салу, қала орталығындағы тығыз құрылыс, "АЖК" АҚ желілеріне жаңа 10кВ-КЖ және 10/0,4кВ-ТҚС қосу.

6. 2026 ЖЫЛҒЫ 1 -ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ ТУРАЛЫ.


млн.тенге

Түсім	Іске асырылған қызметтердің өзіндік құны	Жалпы пайда	Қаржылық және басқа да кірістер	Жалпы әкімшілік, басқа және қаржылық шығындар	Пайда (салық салынғаннан кейін)
75 274	52 396	22 877	427	2 732	16 124

7. "АЖК" АҚ қызметтерін тұтынушылар және олардың 2026 жылғы 1-жартыжылдықтағы жалпы көлеміндегі үлесі

№	Тұтынушылар	2026ж. 1-жартыжылдық	
		факт млн.кВт.с	Жалпы көлемнен үлес
	Оэлектр энергиясын беру бойынша қызметтер көрсету, оның ішінде:	5 127,028	100,00%
1	«АЖК» АҚ - «Энергосбыт» филиалы	4 967,972	96,90%
2	«АлЭС» АҚ	38,725	0,76%
3	«МаА» АҚ	23,629	0,46%
4	«КазФерросталь» АҚ	1,901	0,04%
5	«KEGOC» АҚ АЖЭТ	0,425	0,01%
6	«МГЭС» АҚ	1,823	0,04%
7	"ҚТЖ" ҰК" АҚ филиалы -"Магистральдық желі дирекциясы"	8,079	0,16%
8	"КТЖ- Грузовые перевозки» ЖШС	0,302	0,01%
9	" Индустриальная зона - Алматы» ЖШС	0,720	0,01%
10	Белгіленген қуаты 5 МВт және одан жоғары тұтынушылар (17 дана)	83,452	1,63%

Басқалар– 3,1%



"АЖК" АҚ - "Энергосбыт" филиалы-96,9%

■ Филиал АО «АЖК» - «Энергосбыт»

■ Прочие

Ескертпе: 2026 жылғы 1 мамырдан бастап Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы саласындағы заңнамасына енгізілген өзгерістерге сәйкес жалпы рұқсат етілген қуаты 5 МВт және одан жоғары тұтынушылар көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырады.

Согласно п.7) статьи 9 Закона РК «О поддержке использования возобновляемых источников энергии №165-IV от 04.07.19г., АО «АЖК» оказывает услуги по передаче электрической энергии на безвозмездной основе. По итогам 1 полугодия 2026 года суммарный объем передачи электрической энергии по сетям АО «АЖК» на безвозмездной основе составил 242,873 млн.кВт.ч, по 20 потребителям, это порядка 3 534 млн.тенге (тариф с 01.01.2026г. -13,65 тенге/кВтч; с 01.04.2026г. – 15,42 тенге/кВтч).

8. РЕТТЕЛІП КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТҰТЫНУШЫЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

- ✓ Электр энергиясын беру бойынша қызметтерді сапалы және үздіксіз ұсыну және тұтынушылардың көрсетілетін қызметтердің сапасына қанағаттануын арттыру;
- ✓ Тұтынушыларға қуаттарды сұранысы көлемінде беру (техникалық шарттар беру);
- ✓ Тұтынушыларға арналған желілерге қосылу рәсімін оңайлату шеңберінде "Техникалық шарттарды алу" рәсімін онлайн режимге көшіру жөніндегі бағдарлама енгізілді. Сайтта www.azhk.kz электр желілеріне технологиялық қосылу рәсімі бойынша барлық ақпарат қолжетімді, электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы өтініш беру және дайындалған техникалық шарттарды алу мүмкіндігі және ТШ-ны орындау туралы хабарламаны қашықтан беру мүмкіндігі іске асырылды;
- ✓ 2026 жылғы 1 -жартыжылдықта жеке кабинет арқылы ЭЦҚ көмегімен қашықтықтан режимде 12 762 дана техникалық шарттар берілді, қосылатын қуаты 980,153 МВт;
- ✓ Тұтынушылар үшін www.azhk.kz сайттың көмегімен қабылдау-тапсыру жұмыстарын жүргізуге хабарламаны қашықтан беру мүмкіндігі қамтамасыз етілген;
- ✓ Тұтынушылармен электрмен жабдықтаудың жария шарттарын жасасу жобасы іске асырылды. Қазіргі уақытта электрмен жабдықтаудың жария шарттары тұтынушының қатысуынсыз белсенді режимде жасалады. "АЖК" АҚ ЭТА қызметкерлері барлық қажетті құжаттарды "АЖК" АҚ "Энергосбыт" филиалына өз бетінше тапсырады. Құрылыс-монтаждау жұмыстары жүзеге асырылғаннан кейін тұтынушылар үшін техникалық шарттардың орындалуы туралы электрондық хабарлама енгізілді. Енді тұтынушылар www.azhk.kz сайт арқылы "АЖК" АҚ-ға қабылдау-тапсыру жұмыстарының жүргізіу, кернеу беру және электр энергиясын есепке алу аспабын пломбалау үшін техникалық шарттардың толық орындалуы туралы хабарлай алады.
- ✓ "АЖК" АҚ персоналы "АЖК"АҚ Кеңсесіне келіп түскен тұтынушылардың өтініштерін қарайды. 2022 жылдың сәуір айынан бастап "АЖК" АҚ "Е-Отініш" арқылы азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өндеудің бірыңғай платформасына қосылды. Сондай-ақ Алматы қаласы әкімдігінің сайтына, "АЖК" АҚ сайтына келіп түскен өтініштер қаралады. Өтініштерде баяндалған фактілерді растау үшін қажет болған жағдайда (желілердің жай-күйін тексеру, кернеуді өлшеуді орындау және т. б. үшін) "АЖК" АҚ ЭТА персоналы сол жерлерге баруды жүзеге асырады.
- ✓ Тұтынушылар үшін тәулік бойы ақпараттық-анықтамалық орталық жұмыс істейді. Тәулік бойы жұмыс істейтін көп арналы байланыс орталығының операторлары +7 (727) 356-99-99 телефоны бойынша тұтынушыларға тарифтер, есептеулер, электр энергиясының болмау себептері туралы кеңес беруге дайын. Сондай-ақ, www.azhk.kz сайтында "кері байланыс" бөлімінде байланыс орталығының телефоны және сайт арқылы жүгіну нысаны қолжетімді.

ҚЫЗМЕТ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ ТУРАЛЫ (ДАМУ ЖОСПАРЛАРЫ): "АЖК" АҚ-НЫҢ 2026-2030 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Тарифті бекіту шеңберінде 2026-2030 жылдарға арналған инвестициялық бағдарлама бекітілді.

Түзетулерді ескере отырып, 2026-2030 жылдарға арналған күрделі салымдардың жалпы көлемі 322 608 млн. теңгені құрайды.

Атауы	2026	2027	2028	2029	2030	млн.тенге
						Барлығы 2026-2030 жж.
2026-2030 жылдарға арналған бекітілген инвестициялық бағдарлама (меншікті қаражат)	46 738	54 833	63 321	72 885	84 830	322 608

2026-2030 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламаның негізгі іс-шаралары:

Алматы қаласы бойынша:

Жаңа қосалқы станция салу - 1 дана: «Комсомольская» 110/10кВ-ҚС

Қолданыстағы қосалқы станцияларды қайта құрылымдау - 7 дана: № 7А «АХБК» 220кВ-ҚС, №46А «Шоссейная» 110кВ-ҚС, №119А «Новозападная» 110кВ-ҚС, №9А «Радиостанция РВ-90» 35кВ-ҚС, №21А «Ипподром» 110кВ-ҚС, №154А «Қоянкөз» 220кВ-ҚС-да 110кВ-КРУЭ салу, №166А «Бесағаш» 220кВ-ҚС-да 110кВ-КРУЭ салу, №: 17А, 52А, 128А, 86А, 15А, 47А, 118А, 63А ҚС-да УДГР орнату
220/110/35 кВ және одан жоғары ЭЖЖ-ні жаңғырту және қайта құрылымдау - 53,79 км
10/6/0,4кВ электр тораптарын жаңғырту және қайта құрылымдау- 853,16 км.

Алматы қаласы мен Алматы облысындағы тарату желілері мен жабдықтарын күрделі жөндеу— 611,36 км.

Алматы облысы бойынша:

Жаңа қосалқы станция салу - 4 дана: «Тірек» 220/110/10кВ-ҚС, «Ащыбұлақ» 110/10кВ-ҚС, «Көлді» 110/10кВ-ҚС, «Жалкамыз» 110/10кВ-ҚС;

Қолданыстағы қосалқы станцияларды қайта құрылымдау - 10 дана: №62А «Капчагайская» 220кВ-ҚС, №68И «Шелек» 220кВ-ҚС, №140А «Западная» 220кВ-ҚС, №93А «Қараой» 110кВ-ҚС, №34И «Тургень-Западная 110кВ-ҚС», №35И «Балтабай» 35кВ-ҚС, №80И «Сарыжаз» 110кВ-ҚС, №57А «КГЭС» 110кВ-ҚС, №84А «Карой» 35кВ-ҚС, №115А «Казыбек бек» 110кВ-ҚС.
220/110/35 кВ және одан жоғары ЭЖЖ-ні жаңғырту және қайта құрылымдау - 186,96 км
10/6/0,4кВ электр тораптарын жаңғырту және қайта құрылымдау - 1313,31 км.

Инвестициялық бағдарламадағы нысаналы көрсеткіштер :

- ✓ 2026-2030 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламаны орындау есебінен "АЖК" АҚ электр желілерінің тозуын төмендету шамамен— **9,83%**
- ✓ 2026-2030 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламаны орындау есебінен "АЖК" АҚ ысыраптарын азайту шамамен—**2,53%**.
- ✓ 2026-2030 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламаны орындау есебінен "АЖК" АҚ апаттылығының төмендеуі шамамен — **15,88%**.

9.2. ҚЫЗМЕТ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ ТУРАЛЫ: ОНЫҢ ІШІНДЕ ТАРИФТЕРДІҢ ЫҚТИМАЛ ӨЗГЕРІСТЕРІ.

Реттелетін қызметке бекітілген тариф-электр энергиясын беру

Уәкілетті орган "АЖК" АҚ үшін 2025 жылға реттеліп көрсетілетін қызмет - электр энергиясын беру тарифін қолданысқа енгізе отырып былай бекітті:

- ✓ 1 қаңтардан бастап – 13,65 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз);
- ✓ 1 сәуірден бастап – 15,42 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз).

Уәкілетті органның шекті тарифтерге енгізген өзгертулері "Табиғи монополиялар туралы" ҚР Заңының 22-бабының 1-тармағына, сондай-ақ 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 (ПФТ) тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 602-тармағына сәйкес мынадай негіздер бойынша жүргізілді:

- 1) стратегиялық тауарлар құнының және стратегиялық тауарларды тасымалдауға арналған, мемлекеттік реттеуге жататын тарифтердің (бағалардың) өзгеруі;
- 5) реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің артуы;
- 9-1) субъектілердің реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынуы кезінде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті жергілікті атқарушы органдардан, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органнан сенімгерлік басқаруға алу;
- 602-т. ПФТ - электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алу бағасының айырмашылығына байланысты туындаған, алдыңғы аяқталған кезеңдегі (жылдағы) іс-жүзіндегі шығыстардың пайда болуы.

НҚА сәйкес " АЖК " АҚ үшін тарифтердің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейінгі ықтимал өзгерістері :

"Табиғи монополиялар туралы" Заңның 22-бабының 3-тармағына сәйкес: тарифті өзгерту уәкілетті органның бастамасы бойынша жылына екі реттен артық емес, табиғи монополия субъектісінің бастамасы бойынша жылына бір реттен артық емес жүзеге асырылады.

Табиғи монополиялар субъектісі үшін белгіленген заң нормасын ескере отырып, 2026 жылға арналған тарифті өзгерту уәкілетті органның бастамасы бойынша ғана мүмкін болады, оның ішінде:

- субъект ұсынатын реттелетін қызметтер көлемін ұлғайту;
- уәкілетті органның ведомствосы бекіткен субъектінің тарифтік сметасында көзделген нақты шығындарды қысқарту;
- Қазақстан Республикасының салық заңнамасына тиісті өзгерістер енгізу;
- инвестициялық бағдарламаны оның сомасын азайту жағына қарай өзгерту;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төтенше жағдай жариялау.

Бұдан басқа, "АЖК" АҚ энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде уәкілетті орган бекіткен тарифтің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін оны өзгертуге қосымша өтінім жіберуге мүмкіндігі бар.

Назар салғандарыңызға рахмет!